

Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің кейбір бұйрықтарына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2017 жылғы 22 қыркүйектегі № 567 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2017 жылғы 10 қазанда № 15869 болып тіркелді. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2025 жылғы 29 сәуірдегі № 209 бұйрығымен

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Қаржы министрінің 29.04.2025 № 209 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

БҰЙЫРАМЫН:

1. Күші жойылды - ҚР Қаржы министрінің 18.04.2025 № 180 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

2. "Бюджеттік өтінімді жасау және ұсыну қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2014 жылғы 24 қарашадағы № 511 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 10007 болып тіркелген, 2015 жылғы 8 қаңтарда "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесінде жарияланған) мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Бюджеттік өтінімді жасау және ұсыну қағидаларында:

7-тармақ мынадай мазмұндағы 8-1) тармақшамен толықтырылсын:

"8-1) мемлекеттік органдарға шетелдік жұмыскерлерді тарту мәселелерін қарастыру жөніндегі уәкілетті комиссияның шешімі және Қазақстан Республикасының мемлекеттік органына тартылған шетелдік жұмыскерлермен жасалған еңбек шарттары;"

мынадай мазмұндағы 26-1-тармақпен толықтырылсын:

"26-1. 01-139-нысаны (25-1-қосымша) мемлекеттік органға қабылданған шетелдік жұмыскерлердің еңбегіне ақы төлеуге жұмсалатын шығыстарды есептеуге арналған. Есепті жасау кезінде еңбек шартын басшылыққа алған жөн.

25-1-қосымшада "Лауазым атауы" деген 1-бағанда жасалған еңбек шартына сәйкес мемлекеттік органға қабылданған шетелдік жұмыскердің лауазымы көрсетіледі; "Бір айдағы лауазымдық жалақы сомасы" деген 2-бағанда жасалған еңбек шартына сәйкес бір айдағы лауазымдық жалақы сомасы көрсетіледі; "Мемлекеттік органға шетелдік жұмыскерді тарту мерзімі" деген 3-бағанда еңбек

шартына сәйкес мемлекеттік органға шетелдік жұмыскер тартылған айлар саны көрсетіледі; "Бір жылдағы негізгі еңбекақы жиыны 2х3-баған" деген 4-бағанда қорытынды сома көрсетіледі.";

осы бұйрыққа қосымшаға сәйкес 25-1-қосымшамен толықтырылсын.

3. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Бюджет заңнамасы департаменті (З.А. Ерназарова) заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін;

2) осы бұйрық мемлекеттік тіркелген күннен бастап күнтізбелік он күн ішінде оның қазақ және орыс тілдеріндегі көшірмесін ресми жариялау және Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкіне енгізу үшін қағаз және электрондық түрде Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің "Республикалық құқықтық ақпарат орталығы" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнына жіберуді;

3) осы бұйрық мемлекеттік тіркелгеннен кейін күнтізбелік он күн ішінде оның көшірмесінің мерзімді баспа басылымдарында ресми жариялауға жіберілуін;

4) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің интернет-ресурсында орналастырылуын қамтамасыз етсін.

4. Осы бұйрық мемлекеттік тіркелген күнінен бастап қолданысқа енгізіледі және ресми жариялануға жатады.

Қазақстан Республикасының
Қаржы министрі

Б. Сұлтанов

Қазақстан Республикасы
Қаржы министрінің
2017 жылғы 22 қыркүйектегі
№ 567 бұйрығына қосымша
Бюджеттік өтінімді жасау және
ұсыну қағидаларына
25-1-қосымша
01-139-нысан

Мемлекеттік органдардың шетелдік жұмыскерлеріне еңбекақы төлеуге арналған шығыстар есебі

Кодтары	
Жылы	
Деректер түрі (болжам, жоспар, есеп)	
—	
Функционалдық топ	
Бағдарламалардың әкімшісі	
Мемлекеттік мекеме	

Бағдарлама

Ерекшелік

Лауазым атауы	Бір айдағы лауазымдық жалақы сомасы	Мемлекеттік органға шетелдік жұмыскерді тарту мерзімі	Бір жылдағы негізгі еңбекақы жиыны 2х3-баған
1	2	3	4
	мың теңге	ай	мың теңге

Орталық атқарушы органның
жауапты хатшысы/ мемлекеттік
мекеме басшысы _____

_____ (қолы) (тегі, аты, әкесінің аты (бар болған жағдайда)
Бюджеттік бағдарлама басшысы _____

_____ (қолы) (тегі, аты, әкесінің аты (бар болған жайдайда)
Бас бухгалтер (қаржы-экономикалық бөлімінің бастығы бастығы)
_____ (қолы) (тегі, аты, әкесінің аты (бар болған жағдайда)